



**№1 (42)
2016**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сактағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

«ҚР ЗАҢНАМА ИНСТИТУТЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫНА» - 10 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің коллегиясының отырысы туралы, Астана қ., 2016 жылғы 31 наурыз (ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі)	5
«Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы» ғылыми-құқықтық журналының 10 жылдығы	6
Конституциялық және әкімшілік құқық	8
А.С. СМАН Әділдік жолында: қазақ мемлекеттілігі және оның мұрасы (тарихи-құқықтық аспекті)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы	15
Т.М. ТОҚПАЕВА Мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент транспаренттік және есеп беретін мемлекеттің тиімді компоненті ретінде.....	21
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	27
В.Т. ҚОНЫС Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Америка Құрама Штаттарында дауларды балама жолмен шешу: негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау)	27
Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының еңбек құқығындағы кепілдік төлемнің мәселелері	32
Г.К. САҒИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Экологиялық және кәсіпкерлік заңнамасын жетілдіру аясындағы «экологиялық басқару» және «экологиялық менеджмент» ұғымдарының этимологиясы.....	37
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. ҚҰСАЙЫНОВ Терроризм және экстремизмнің әлеуметтік-мәдени негіздері және оларды болғызбау туралы мәселесіне	40
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері.....	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасайтын алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе жымқыру ерекшеліктері	53

<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану</i>	56
М.А. СӨРСЕМБАЕВ ДСҰ мен ЭЫДҰ талаптарына сәйкес Қазақстанның АӨК өнімдерін экспортқа шығарудың және импорттаудың құқықтық мазмұны	56
А.О. БАЛҒЫНТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру	73
<i>Құқықтық мониторинг</i>	79
З.Ғ. ҚАЗИЕВ, А.Б. ЕСІМОВА Салалық құқықтық мониторингі: жалпы ұғымы, міндеті және жүргізу мүмкіндігі	79
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері	84
<i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен</i>	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты	90
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер	95
<i>Шетелдік тәжірибе</i>	99
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың құзыреттерін құқықтық регламенттеу (салыстырмалы талдау)	99
<i>Жас ғалым мінбері</i>	105
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында ЭЫДҰ жетекші елдерінің озық тәсілдеріне шолу	105
А.А. ЖАБАЕВА Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде	109
А.С. НӘБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Құқықтық мониторингтің заң техникасы: проблемалар және шешу жолдары	113
Н.Р. ӘКІМОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы тараптарды татуластыру институтының қазіргі уақыттағы ахуалы	119
М.М. ТАСТАНОВА Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары	125
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Жаңа Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша жедел бөлімшелерінің іздестіру қызметінің құқықтық режимі	130
Н.Н. СҰЛТАНОВ Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделіндегі қылмыстық қудағалаудың ерекшеліктері: қысқаша ретроспективалы шолу мен перспективалық көзқарас.....	134
А.Ж. БҰСЫРМАНОВ Төрелік дауларды шешудің балама құралы ретінде	140
Д. ҚАСЫМОВА Пленарлық отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық түсіндіру қызметінің субъектісі ретінде	143
<i>Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....</i>	148



**№1 (42)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

«ВЕСТНИКУ ИНСТИТУТА
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК» - 10 ЛЕТ

СОДЕРЖАНИЕ

О заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан, г. Астана, 31 марта 2016 года (пресс-служба Министерства юстиции РК)	5
10-летие научно-правового журнала «Вестник Института законодательства Республики Казахстан»	6
Конституционное и административное право	8
А.С. СМАН На пути к справедливости: казахская государственность и ее наследие (историко-правовой аспект)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Юридическая сила Конституции и правовое качество: диалектика взаимозависимости	15
Т.М. ТОКПАЕВА Антикоррупционный менеджмент в государственных органах, как эффективный компонент транспарентного и подотчетного государства	21
Гражданское и гражданско-процессуальное право	27
В.Т. КОНУСОВА Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Альтернативное разрешение споров в США: анализ основных преимуществ и недостатков).....	27
Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы гарантийных выплат в трудовом праве Республики Казахстан	32
Г.К. САГИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Этимология понятий «экологическое управление» и «экологический менеджмент» в контексте совершенствования экологического и предпринимательского законодательства	37
Уголовное право и уголовный процесс	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о социокультурных основах терроризма и экстремизма и путях их предотвращения	40
Р.А. ОРСАЕВА Особенности групповых уголовных правонарушений среди несовершеннолетних	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Особенности мошенничества, присвоения или растраты вверенного чужого имущества, совершаемых лицом с использованием своего служебного положения	53

Международное право и сравнительное правоведение	56
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовое содержание экспорта и импорта продукции АПК Казахстана на основе требований ВТО и ОЭСР	56
А.О. БАЛГЫНТАЕВ, А.К. КАНАТОВ Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами Организации экономического сотрудничества и развития	73
Правовой мониторинг	79
З.Г. КАЗИЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Отраслевой правовой мониторинг: общее понятие, задачи и возможности проведения	79
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Некоторые вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере страхования предпринимательского риска	84
Из практики законодательства на государственном языке	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Фразеологические особенности законодательных терминов	90
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан	95
Зарубежный опыт	99
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА Правовая регламентация компетенций лиц, участвующих в уголовном процессе (сравнительный анализ)	99
Трибуна молодого ученого	105
М.Е. ЖУМАБАЕВА Обзор передовых подходов ведущих стран ОЭСР в сфере защиты и обеспечения прав интеллектуальной собственности	105
А.А. ЖАБАЕВА Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора	109
А.С. НАБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Юридическая техника правового мониторинга: проблемы и пути решения	113
Н.Р. АКИМОВА Современное состояние института примирения сторон в уголовном праве Республики Казахстан	119
М.М. ТАСТАНОВА Права ребенка в значимых международных актах.....	125
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые режимы розыскной деятельности оперативных подразделений по новому УПК Республики Казахстан	130
Н.Н. СУЛТАНОВ Особенности уголовного преследования в новой модели уголовного судопроизводства Казахстана: краткий ретроспективный обзор и перспективный взгляд	134
А.Ж. БУСУРМАНОВ Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров	140
Д. КАСЫМОВА Пленарное заседание как субъект праворазъяснительной деятельности Верховного Суда Республики Казахстан	143
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	148



*Примашев Нұрзада Маханбетұлы,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент*

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЗАҢДЫҚ КҮШІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САПА: ӨЗАРА ТӘУЕЛДІЛІК ДИАЛЕКТИКАСЫ

Негізгі заң ретінде конституцияның әмбебап қызметтері кең. Кез-келген мемлекеттің конституциясы ондағы әлеуметтік күштердің арақатынасын білдіретіні баршаға аян. Осыған орай, конституцияны биліктегі қоғамдық топқа қосымша мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, конституцияның мемлекеттің құқық және өзге де салалардың әлеуетін білдіретін көрсеткіш те болуы әбден мүмкін. Сондықтан конституцияның қоғамдағы құқықтық қатынастарды әмбебап реттеу үшін, бірінші кезекте құқықтық және тілдік сапасы өте жоғары болуы қажет.

Әлемемлекеттерінің ішінде конституциялық, шындығында конституциясының, тарихы екі ғасырдан асатындары бар. Бұл – конституция сапасының жоғары екендігін көрсетеді. Сондықтан, мемлекет пен билікті ұйымдастырудың жалпы нобайын бекітетін мұндай конституциялардың күші де олардың құқықтық және тілдік сапасында деуге болады. Яғни, олардың арасындағы өзара диалектикалық тәуелділігі жоғары деңгейде.

Конституция – табиғаты қоғаммен бірдей, қатар өмір сүретін құжат. Оның мұндай қасиеті бір жағынан тұрақтылықты, екінші жағынан өзгерушілікті қажет ететін құбылыс. Конституцияның құқықтық күші мен тілдік сапасының диалектикасы – оның статикасы мен динамикасында. Сондықтан конституцияның сапасына ерекше назар аударылатыны да қоғамдық қажеттілік және шарттылық.

Конституция бір рет әрі мәңгілікке қабылданбайды, және ол құқықтық догма не ескерткіш емес. Оның да өмірлік циклы болады, өйткені оны да адам жасайды. Объективтік және субъективтік факторлардың әрі жемісі, әрі құрбаны деуге де тұрарлық. Конституция генезисіне оң не сол әсерін тигізетін факторлар көптеп саналады. Сондықтан адам баласына тән

қателіктер ол әрекет ететін барлық ортаға тән.

Қазақстан Республикасы сияқты өтпелі типтегі мемлекеттерде түрлі саяси-әкімшілік сипаттағы қағидатты қателерге жол беріліп жатады. Өкінішке орай, осындай теріс тәжірибе конституция саласында да орын алған.

Кез келген конституция алдымен мемлекеттің нормативтік құқықтық актісі болып табылады. Сондықтан оған тән қасиеттер де оның құқықтық сапасының құраушысы бола алады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының тарихи миссиясына назар аударатын болсақ, оның ресми-пафостық қызметін былай қойғанда, кезінде объективті және субъективті себептермен жіберілген қате-кемшіліктерін түзету мәселесі тұрады. Өйткені ұлттық құқыққа тән кемшіліктердің біразы Конституцияда да жіберілгені анық. Сондықтан тілдік және құқықтық талдау негізінде оған түзету жұмыстарын жүргізу де – үлкен жұмыс әрі міндет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында да, өкінішке орай, құқықтық және тілдік талаптар тұрғысынан ұлттық заңнаманың барлық нормативтік құқықтық актілеріне тағылатындай объективтік міндер жеткілікті. Оларды дер кезінде тауып, қоғам мен мемлекетті оларды жоюға жұмылдыра білу де мемлекеттік басқару жүйесінің бір көрсеткіші әрі әлеуеті деуге болады.

Жалпы құқық теориясында түрлі сипаттағы кемшіліктердің болатынын меңзейтін «құқықтық дефект» деген ұғым бар. Ол – объективті. Сондықтан қателердің конституцияда да орын алуына жол беріліп жататын әлемдік тәжірибе бар. Оларды тіпті жіктеуге де болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясында жіберілген құқықтық қателердің өрескелісі деп 45, 58 және 91-баптардағы қателерді атауға болады. Мысалы, 45-баптың 2-тармағы

бойынша «Конституцияның 53-бабының 4) тармақшасында көзделген ретте Республика Президенті заңдар шығарады». Сілтеме жасалған 53-баптың 4) тармақшасында «соғыс және бітім мәселелерін шешеді» делінген!? Яғни екі норма бір-бірімен үйлеспейді!?

Келесі мысал – 58-баптың 2) тармақшасы бойынша «Палаталардың төрағалары, егер бұл үшін Палаталардың депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы». Бұл норма ұлттық заңнамадағы қазақ тіліне тамаша аударылғандардың бірден-бірі! Бірақ, норма оның орыс тіліндегі нұсқасына толық теңтүпнұсқалы емес. Өйткені орыс тіліндегі мәтін бойынша төрағалардың қызметтен кері шақырылып алынуы да, өз еркімен орындарынан түсуі де депутаттар көпшілігінің талап етуіне байланысты. Яғни екі диспозиция бір гипотезамен ұштастырылған. Сондықтан бір норманың екі тілдегі нұсқасын теңтүпнұсқалылы ету үшін орыс тіліндегі мәтінді өзгерту, яғни бір гипотезамен бір ғана диспозицияны байланыстыру қажет. Екі тілдегі мәтіндік сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін алдағы конституциялық реформада аталған баптың орыс тіліндегі нұсқасын, яғни қолданыстағы «Председатели Палат могут быть отозваны от должности, а также вправе подать в отставку, если за это проголосовало большинство от общего числа депутатов Палат» деген норманы «Председатели Палат могут быть отозваны от должности, если за это проголосовало большинство от общего числа депутатов Палат, а также вправе подать в отставку» – деп өзгерткен орынды болар.

Конституцияның 91-бабында жіберілген құқықтық қате Парламент қабылдаған заңды референдумға шығаруға байланысты. Құқықтық табиғаты бойынша заң шығару органы қабылдаған заңға мемлекет басшысы қол қояды немесе өз қарсылығын білдіреді, яғни вето қояды не кейін қайтарады. Бұл екі тетік Қазақстан Республикасында да қолданылады.

Конституцияның осы нормасы бойынша «Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік даусымен Парламент өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады». Мәселе – осы жерде. Біріншіден, референдумға не шығарылады? Парламент

қабылдаған заң ба әлде «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар» (құқықтық және тілдік тұрғыдан үйлеспейтін ұғым. Олар жеке дара болуы мүмкін емес!) ма?

Конституция және қолданыстағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заң бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар тек заң арқылы енгізіледі. Сондықтан «Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы» деген ұғым да мәселелі (орыс тіліндегі «Проект изменений и дополнений в Конституцию» деген де сол мәртебеде).

Екіншіден, «референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар (бұл да үйлеспейтін ұғым!), егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі». Референдумға тек мақұлдау не мақұлдамау туралы сұрақ қойылады, сондықтан олардың құқықтық маңызы мен салдары қандай? Референдумда қабылданған шешім Конституцияға қалай енгізіледі, тетігі қалай, яғни құқықтық техника тұрғысынан қалай заңдастырылады? Бұл да шешімін таппайтын мәселе.

Үшіншіден, Парламент қабылдаған «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның тағдыры не болады? Ол құқықтық салдар туғыза ма? Ол да белгісіз.

Сонымен қатар, осы баптағы орыс тіліндегі нұсқасы бір «өзгертулер» (2 рет қолданылған) мен «өзгерістер» (бұл да 2 рет қолданылған) деген сөздердің қайсысы дұрыс?

Кез келген Конституцияның заңдық күші оның құқықтық қасиеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан 62-баптың 7-тармағына сәйкес «Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс». Бұл – императивтік әрі талқанланбайтын норма. Оны бұлжытпай орындауға барлығы да міндетті. Ал іс жүзінде солай ма? Мәселе осында. Мысалы, Конституцияның 59-бабының 6-тармағында Республика Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырыстарға қатысу және сөз сөйлеу құқығы бекітілген. Яғни нормада кез келген отырыстарға қатысу және сөз сөйлеу құқығы бар жоғары лауазымды тұлғалардың шекті тізімі бекітілген.

Бірақ соған қарамастан, 1996 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Регламентінің 15-тармағының бірінші абзацында: «Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Мемлекеттік Хатшының, Республика Президенті Әкімшілігі Басшысының ашық отырыстарға да, жабық отырыстарға да қатысуға және сөзін тыңдатуға құқығы бар» – деп көрсетілген. Дәл осындай норма сол жылғы әрі сол күнгі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Регламентінің 11-тармағының екінші абзацында: «Республика Президенті, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері, Ұлттық Банк Төрағасы, Бас Прокурор, Республика Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мәжілістің кез келген жалпы отырысына қатысуға құқылы» – деп бекітілген. Яғни жоғары заңдық күші бар Конституцияда бекітілген лауазымды тұлғалар тізімі туынды нормативтік актілерде – регламенттерде, біріншіден өзгертілген, екіншіден екі жоғары лауазымды тұлғамен толықтырылған.

Осындай норма 1996 жылғы 20 мамырдағы қаулымен қабылданған Қазақстан Республикасы Парламенті Регламентінің 12-тармағында да қайталанған. Бұл мысалдар регламенттердің заңдық күші Конституцияның заңдық күшінен де басым екендігін көрсетеді.

Осы көрсетілген Конституция мен үш регламент арасында тағы да екі мәселе бар. Біріншісі – орыс тіліндегі «быть заслушанным» деген тіркестің аудармасында. Ол Конституцияда «сөз сөйлеуге» (59-баптың 6-тармағы), Парламент Регламентінде «өз сөзін тыңдатуға» (12-тармақ), Парламент Сенатының Регламентінде «сөзін тыңдатуға» (15-тармақтың бірінші абзацы) деген үш нұсқада берілген.

Екінші мәселе – құқықтық та, тілдік те. Конституциядағы «кез келген отырыстарға» деген тіркестің орнына Парламент Мәжілісінің Регламентінде «кез келген жалпы отырысына» (11-тармақтың екінші абзацы) деген тіркестің қолданылуын да конституциялық нормадан лексикадан ауытқу деуге болады.

Конституцияның 62-бабының 1, 5 және

8-тармақтарындағы «заң актілері» деген ұғым «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілмеген. Мәселе аталған нормативтік құқықтық акт түрі берілмеген Конституцияда ма, әлде оны елемеген заңда ма, белгісіз.

Конституцияның 4-бабының 1-тармағы бойынша Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады¹.

Бұл да жоғарыда қарастырылған 59-баптың 6-тармағының тәжірибесіне ұқсас. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңның 3-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында аталған шектеулі тізім Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің нормативтік қаулыларымен толықтырылған. Бұл мысалдан да құқықтық күшіне орай, Конституция басым ба, әлде заң басым ба деген сұрақ туындайды.

Конституцияның 45-бабының 2-тармағы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті «61-баптың 2-тармағында көзделген ретте Республиканың заң күші бар жарлықтарын шығарады» делінген. Ал «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңның 3-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында «Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлықтары» деген нормативтік құқықтық акт көрсетілген. Бұл жерде мәселе жарлықта емес екені белгілі. Мәселе – заң мен конституциялық заңда. Құқықтық табиғаты мен күшіне байланысты олардың айырмашылықтары бар емес пе? Егер ондай жіктеу есепке алынбаса, кодексті де заң деп ресми атауға да еш кедергі жоқ!

Құқықтық кемшіліктердің біразын Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның арақатынасынан келтіруге болады. Мысалы, Конституцияның 89-бабының 2-тармағы бойынша жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын

¹ «Әділет» ақпарат-құқықтық жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің тәуелсіздікті бекіту жылдары шығарған / қабылдаған, қазіргі кезде құқықтық күшінде деуге болатын 29 қаулысы келтірілген. Құқықтық ғылыми әдебиет пен тәжірибеде олар туралы мәселе жоқтың қасында. Оларды қалай қабылдауға болады: жоқ дейін десең, тізімде бар, бар дейін десең – тәжірибеде жоқ!

халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады. Яғни жергілікті өзін-өзі басқаруды тек үш-ақ субъект атқара алады: халық, ол құратын жергілікті өзін-өзі басқару органдары және мемлекеттік басқару органы – мәслихат. Ал аталған Заңның 1-бабының 1-тармағында «әкім ... өзін-өзі басқару функциялары берілген ... Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілі» делінген. Сонда мемлекеттік басқару субъектісіне өзін-өзі басқару функцияларын кім берген? Заңда ол туралы айтылмаған. Заңсыз, өздігінен иемдену ме? Белгісіз. Жаксы, тиісті аумақтағы бүкіл іске жауапты тұлға ретінде әкімге өзін-өзі басқару функцияларын атқарған артық емес шығар делік. Бірақ Конституцияда олай көрсетілмеген. Ал осы баптың 4) тармақшасы бойынша келесі жергілікті мемлекеттік басқару субъектісі – жергілікті атқарушы органды (әкімдікті) – «өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын ... орган» деп тану да Конституция нормасын өрескел бұзу болып табылады.

Құқықтық қатенің мұнан да зоры келесі 5) тармақшада бекітілген. Онда «жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган ... өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкімдік уәкілеттік берген, тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме» делінген. Яғни, алдыңғы тармақшада көрсетілген, құқықтық табиғаты заңсыз құзыретті иемденген субъект өз кезегінде өзінен төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарына жергілікті өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға уәкілеттік береді екен. Сонымен аталған жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын иемденген әкім – әкімдік – жергілікті атқарушы органдар онсыз да заңсыздықты заңсыздыққа айналдырып, туынды заңсыздық тудырып отыр! Мұндай тәжірибенің ғылыми-құқықтық әрі дұрыс атауы «құзыреттерді заңсыз иемдену» болып табылады. Жалпы құқықта ол үшін жауапкершілік те белгіленген. Міне, мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаты – заңдылық қағидатын сақтау қайда жатыр!? Бұл ретте де Конституцияның жоғары заңдық күші қағидатының ескерусіз қалғанын мойындау қажет!

Қабылданғанына 15 жылдай уақыт өткеніне қарамастан осы Заң нормаларының Конституция

нормаларына қарама-қайшылығы мәселесіне қажетті назар аударылмай келеді. Мұндай тәжірибеден кейін «қабылданғанның бәрі заң емес» – деген субъективтік тұжырым дәлелдене түсетіні анық.

Аталған кемшіліктердің тағы бір кілтипаны осы Заңның өзінде берілген. Заңның кейінгі баптарында бекітілген нормалар 1-баптағы «маңызды» ұғымдар мен нормалардың өздеріне қарама-қайшы. Мысалы, Заңның 29-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қаладағы ауданның, астанадағы ауданның) әкімдері арқылы «жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды». Бұл ретте «өзара іс-қимыл жасау» мен «жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыру» ұғымдарының арасы өте алшақ екені дәлелдеуді қажет етпейді. Тіпті бір-бірімен тікелей байланысы жоқ деуге тұрарлық! Дәл осындай «өзара іс-қимыл жасау» аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің (33-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы), қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің (35-баптың 1-тармағының 15) тармақшасы) құзыретіне де кіреді. Яғни, Заңның 1-бабында көрсетілген «жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру» функциясы әкімдердің құзыреттерінде бекітілмеген. Заңның ішкі қарама-қайшылығы дегеніміз осы!

Конституцияның жоғары заңдық күші қасиетін онда қолданылған ұғымдар мен сөз тіркестері де қамтамасыз етулері тиіс. Яғни олар Конституцияда қалай бекітілсе, өзге нормативтік құқықтық актілерде де солай қолданылуы тиіс (бұл жерде олардың орыс тіліндегі баламаларының бірдей екенін естен шығармау қажет). Мысалы, Конституцияның 14-бабының 1-тармағында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» делінген. Ал «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3) тармақшасында «Заң мен сот алдында баршаның теңдігі» деген қағидат бекітілген (норманың орыс тіліндегі нұсқалары бірдей: «Все равны перед законом и судом» және «равенство всех перед законом и судом»).

Конституцияның 86-бабында қолданылған «әкімшілік-аумақтық бөлініс» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңындағы «әкімшілік-аумақтық бірлік» деген ұғымдардың да орысша нұсқасы бір

(«административно-территориальные единицы» (сәйкесінше 86 және 2-баптар).

Мұндай тәжірибе орфографиялық ережелерді де қатаң сақтауға қатысты. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры сияқты жоғары лауазымдар атаулары Конституцияда қалай ресімделсе, одан заңдық күші төмен нормативтік құқықтық актілерде де солай болуы тиіс. Бірақ мемлекеттік органдардың құқықтық және тілдік тәжірибесінде балама

нұсқалар көптеп кездеседі.

Құқықтық қате-кемшіліктердің болуы, бір жағынан, объективтік заңдылық. Екінші жағынан, оларды талдап, дер кезінде түзете білу де шартты қажеттілік. Сондықтан Конституцияның қоғам мен мемлекет алдындағы тарихи маңыздылығын қамтамасыз ету үшін оның сапасына қайта назар аудару қажет. Сонда ғана Конституция өзінің тарихи миссиясын атқара алатын болады, сонда ғана оның заңдық күші мен құқықтық сапасы арасындағы диалектикалық тәуелділікке қол жеткізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» АҚЖ. (22.2.2016)
2. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы // «Әділет» АҚЖ. (22.2.2016).
3. Әкімшілік рәсімдер туралы: Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы // «Әділет» АҚЖ. (22.2.2016)
4. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы: Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы // «Әділет» АҚЖ. (22.2.2016)
5. Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті. Қазақстан Республикасы Парламентінің 1996 жылғы 20 мамырдағы қаулысымен қабылданған // «Әділет» АҚЖ. (22.2.2016).
6. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламенті. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 1996 жылғы 8 ақпандағы қаулысымен қабылданған // «Әділет» АҚЖ. (22.2.2016).
7. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 1996 жылғы 8 ақпандағы қаулысымен қабылданған // «Әділет» АҚЖ. (22.2.2016).



Мақала Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші мен құқықтық сапасы арасындағы диалектикалық байланысқа арналған. Құқықтық және тілдік талдау барысында айқындалған кемшіліктер көрсетілген.

Конституцияның жоғары заңдық күшін қамтамасыз ету үшін құқықтық мәселелермен қатар тілдік мәселелерді де шешу қажет. Тек жоғары құқықтық және тілдік сапа ғана Конституцияның қоғам мен мемлекет алдындағы тарихи маңыздылығын қамтамасыз ете алады.

Түйін сөздер: конституция, құқықтық сапа, жоғары заңды күш, құқықтық және тілдік қателер.

Статья посвящена диалектической связи между высшей юридической силой и правовым качеством Конституции Республики Казахстан. Показаны юридические и языковые ошибки, обнаруженные в ходе правового и языкового анализа.

Для обеспечения высшей юридической силы Конституции необходимо решить ее как правовые, так и языковые проблемы. Только высокие правовые и языковые качества смогут обеспечить историческую значимость Конституции перед обществом и государством.

Ключевые слова: конституция, правовое качество, высшая юридическая сила, правовые и языковые ошибки.

The article focuses on the dialectical relationship between the supreme legal force and the legal quality of the Constitution of the Republic of Kazakhstan. Displays legal and linguistic errors detected in the course of legal and linguistic analysis.

In order to ensure the higher legal force of the Constitution it is necessary to solve its legal issues as well as language challenges. Only highest legal and linguistic qualities can provide the historical significance of the Constitution to society and the State.

Keywords: constitution, legal quality, high legal force, legal and language mistakes.

Нұрзада Маханбетұлы Примашев,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
з.ғ.к., доцент

Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы

Примашев Нурзада Маханбетович,

Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, к.ю.н., доцент

Юридическая сила Конституции и правовое качество: диалектика взаимозависимости

Primashev Nurzada Mahanbetovich,

Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, PhD, Associate
Professor

The legal force of the Constitution and its legal quality

